

Сабактың ортасы
26 мин

7 мин

1.Топтық жұмыс (Т)
«Бірге талқылаймыз» әдісі бойынша
 1-топ
 Суретке мұқият қараңыздар.Кімді көріп тұрсыздар?Дене мүшелерінің қимылына қарап,жауап айтыңыздар.
Кім?
Не істеп жүр?
Қандай құралдың,қай мүшенің көмегімен?
Осы әрекетті қайталаңыздар.
 2-топ
 Суретке мұқият қараңыздар.Кімді көріп тұрсыздар?Дене мүшелерінің қимылына қарап,жауап айтыңыздар.
Кім?
Не істеп жүр?
Қандай құралдың,қай мүшенің көмегімен?
Осы әрекетті қайталаңыздар
 3-топ «Кластер» әдісі бойынша
Ойланып, суреттегі сөздерді тиісті мүшемен сызық арқылы қос.

табан

иық

білек

құлақ

2мин

тобық

1мин

білек

4мин

тізе

көз

арқа

2мин

желке

ауыз

2мин

жауырын

саусақ

7мин

4-топ «Зерттейік» әдісі бойынша
Адамның қандай дене мүшелері бар?
 Оқушының бойы толығымен сиятын ұзындықтағы қағазға сұлба сыздыру.Ол үшін алдымен қағазды жайып қоятын орынды таңдап алып, оқушыға қағаз бетінде қозғалыссыз жатуы керектігін түсіндіру. Оқушылар басынан бастап оның дене кескінін кезекпен сызады. Қалған оқушылар үздіксіз сызық шығу үшін маркерді бір-біріне береді. Дайын болған сұлбаға дене бөліктерін жазып, қабырғаға іліп, қолдың екеу,аяқтың екеу,кеуденің ,бастың,мойынның біреу екенін тұжырымдайды.
Топ баяндамашылары топ жұмысымен таныстырады.
Кері байланыс
 -Қай топтың жұмысы ұнады?
 -Топта жұмыс жасау ұнады ма?
 -Жаңадан қандай ақпарат алдыңыздар?
Бағалау: Қ.Б жұмысы «Екі жұлдыз,бір тілек»әдісі

2.Жүппен жұмыс. «Пилот, штурман» әдісі (Ж)
 Қол нешеу?
 Оқулыққа қарап қол бөліктерін жаз.
 Өз қолыңа қарап тағы қандай бөліктер бар екенін жаз.(тырнақ,алақан)

Аяқ нешеу?
 Оқулыққа қарап аяқ бөліктерін жазыңыз.
 Өз аяғыңа қарап тағы қандай бөліктер бар екенін жазыңыз.(өкше,тобық,тырнақ)

Не артық?
 Неліктен?
 Тағы не қосар едіңіз?
 (қас,кірпік,шаш)
Кері байланыс:
 -Жұпта жұмыс жасау ұнады ма?
 -Қандай жетістіктеріңіз бар?
Бағалау: Қ.Б жұмысы «Дайын жауап үлгісі»бойынша,жұптар смайликтер арқылы өзін-өзі бағалайды

3.Сергіту сәті
«Жасырын сөздер» ойыны
 1 адам ортаға шығады, сөз жазылған парақтағы қимылды ым-ишара арқылы жасайды,балалар қайталап жасап,қандай қимыл екенін айтады.

Жеке жұмыс
4.Қалыптастырушы бағалау тапсырмасы (Қ)
Бағалау критерийі
 - Адам денесінің негізгі мүшелерін атайды және олардың қызметін сипаттайды.

1-тапсырма
 Адам денесінің негізгі мүшелерін атауларымен сәйкестендіріп сызыңыз.

Дескриптор: Білім алушы
 — суреттегі дене мүшелерін атауларымен сәйкестендіріп сызады;

2-тапсырма
 Суретке мұқият қараңыз. Сурет бойынша қолмен орындалып тұрған әрекеттерді сурет астына жазыңыз.
Дескриптор: Білім алушы
 — суретке сүйеніп, қолмен орындалған әрекеттерді біледі,жазады.

Сараланған тапсырма «Өзің құра»әдісі
 Суретке қараңыз. Не түсіндіңіз? Мүгедек адамға қарапайым қамқорлық ережесін құрастырыңыз.

		<p>1. _____ 2. _____ 3. _____ 4. _____ 5. _____</p>	<p>Сұлбалар суреті Дайын жауап үлгісі</p> <p>тапсырма</p> <p>Үлкен ватман қағазы</p> <p>Суреті мен сұрақ жазылған парақшалар Дайын жауап үлгісі</p> <p>Сөз тіркесі жазылған қима қағаздар тапсырма</p>
--	--	---	--

Сабақтың соңы 4 мин	4мин	Рефлексия: «Бес саусақ» әдісі 1. «Бас бармақ»- басты мәселе. Сабақта ең құнды мәселе не болды? 2. «Балалы үйрек» — бірлесу. Кімге көмек бердім, кімді риза еттім? 3. «Ортан терек»- ойлану. Мен бүгін білім мен тәжірибе алдым? 4. «Шылдыр шүмек»-шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен? 5 «Кішк. бөбек»-көңіл-күй ахуалы.Сабақта өзімді қалай сезіндім? Әр бала параққа өз алақанының суретін салып,ойларын жазады.	Қол алақаны суреті және парақшалар
------------------------	------	---	---------------------------------------

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.